

– ҚОЛҒА АЛЫНҒАН ӘРБІР ІС НӘТИЖЕЛІ БОЛУЫ ТИІС



аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ биыл бұл бағытта 6 миллиард теңге қарастырылғанын, 13 мың жұмыс орны құрылатынын, қайта оқытудан 8,5 мың адам өтетінін және 1200 шағын несие берілетінін жеткізді.

Дағдарыспен күресуге дайын отырмыз

Жоба демекші, былтыр индустрияландыру картасы аясында 16 миллиард теңгенің 9 жобасы өндіріске жол тартқан-ды. Жалпы аталмыш бағдарлама іске асырыла басталғалы бері өңірде құны 155 миллиард теңгені құрайтын 21 жоба қолданысқа беріліп, қосымша 25 миллиард теңгенің тауар өнімдерін алдық. 2,5 мың жаңа жұмыс орындарын аштық.

Аймақ басшысы кездесу үстінде Еуропа елдерін есеңгіретіп, енді бізге қарай жылжып келе жатқан дағдарыстың екінші толқынына төтеп беру үшін бірқатар проблемаларды шешу қажеттігін нақтылады.

Дағдарыс кезінде өңірдегі өндіріс көлемі 17%-ға дейін, ал жұмыстан қысқарғандар қатары 19,1 мың адамға дейін жетуі ықтимал. Соған сәйкес төмендегідей іс-шаралар атқарылмақ: индустриялды-инновациялық бағдарлама аясында – 2,8 мың, «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасымен – 2,6 мың, өңірлік «Жол картасы» аясында – 1 мың, шағын жобалар картасы бойынша – 11 мың, қолжетімді баспа-на бағдарламасымен 2 мың адам еңбекпен қамтылмақ. Нәтижесінде барлығы 20,2 мың адам кәсіппен айналысу мүмкіндігіне ие болмақ.

Бүгінгі күні мәселесі шешілмей тұрған бірқатар кәсіпорындар бар. Олар: Зырян ауданындағы «Серебрянка бейорганикалық өндіріс зауыты» ЖШС, Глубокое ауданындағы «Капитал құс фабрикасы» ЖШС, Шемонайха ауданындағы «Ертіс химия-металлургиялық зауыты» АҚ. Аталған кәсіпорындардың күрмеуі қиын күрделі мәселелерін шешіп, жұмысын жандандыру үшін үкіметтік деңгейде арнайы жұмыс тобы құрылып, әрекет етуде.

Индустрияландыру жобаларын жүзеге асыруда Катонқарағай және Глубокое аудандарының жұмысы мардымсыз. Облыс орталығында индустриялды аймақты қолданысқа беру және өндіріс орындарын орналастыру жағы әлі күнге аяқталмай отыр. Осы түйткілдерді алға тартқан Әкім аудандар әкімдеріне, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауылшаруашылығы басқармаларының басшыларына шалғай аймақтарда, шекараға жақын орналасқан елді мекендерде жаңа өндірістер ашуды ширату керектігін мықтап тапсырды.

Өңірді дамыту мақсатында басты назар тірек ауылдар құруға аударылған-ды. Ол үшін бюджеттен 635 миллион теңге бөлінген. Ауылды жерде индустриялды аймақ құрудың нақты мысалы Көкпекті ауданындағы құны 5,9 миллиард теңге тұратын «Елім-ай Көкпекті» инвестициялық жобасын айтуға болады. Жоба толық орындалса, 400 жұмыс орны ашылмақ. Айта кетейік, аталған аудандағы Көкжайық тірек елді мекенін қаржыландыруға мемлекеттен 1998 миллион теңге қарастырылған.

Инвестициялық жобалардың бірсыпырасы ауылшаруашылығы саласында бар. Мұндағы басым бағыт – мал шаруашылығы. Ағымдағы жылы мал басын шамамен 1 миллионға дейін жеткізу, соның ішінде асыл тұқымды мал санын 5-тен 7%-ға дейін арттыру көзделген.

(Жалғасы 2-бетте)

Өткен жұма күні облыс орталығы Өскеменде аймақ халқы үшін аса маңызды қоғамдық-саяси оқиға болды. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ жергілікті атқарушы билік органдары жұмысының 2011 жылғы қорытындысы мен ағымдағы жылға арналған мақсат-міндеттер жөнінде ауқымды есептік кездесуін өткізді. Мұндай жиын алдымен Семейде, одан кейін Өскеменде өткізілгенін атап өткен орынды. Алқалы жиынның ауқымдылығы сол, оны Өскемендегі «Үлбі» мәдениет сарайына жиналған мыңға жуық тұрғындардан бөлек шаһардағы ЛЭД-панелдер мен «ОТАУ TV» сандық-спутниктік телеарнасы арқылы берісі облыс, арысы республика жұртшылығы тікелей эфирден тамашалады. Айта кетейік, мұндай тың бастама елімізде алғаш рет қолға алынды.

Алқалы жиынның ауқымы кең болды

Есептік кездесу басталмай тұрып мәдениет үйіне жиналған аудандар мен қалалардың өкілдерін, жауапты басқармалар мен мемлекеттік органдардың басшылары қабылдап, сол жерде бірқатар мәселелер өз шешімін тапқан-ды.

Жиынға облыс орталығына жақын орналасқан аудан-қалалардың жауапты өкілдері, облыстық басқармалардың, департаменттердің, құқық қорғау органдарының басшылары, ақпарат құралдарының қызметкерлері, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. Жиынның ең басты қонағы ретінде Астанадан арнайы ат шалдырып келген Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Сәлімгерей Бекбергенов мырза қатысты.

– Өткен 2011 жыл біздің облыс үшін Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясындағы айтулы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-маңызды оқиғаларға толы, айшықты мәдени-бұқаралық іс-шаралармен ерекшеленген жыл болды, – деп сөзін бастаған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ бір сағатқа жуық уақыт бойы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жетістіктері мен табыстары жайында, орындалған міндеттер турасында баян етті.

деңгейдегі әкімдердің есептік жиындары өткізілген. Барлығы 972 кездесуге 130 мыңнан астам адам қатысып, олардың тарапынан 2265 сұрақ пен ұсыныс келіп түскен. Бұл – өткен жылғымен салыстырғанда 1074-ке кем. Сұрақтардың бұлайша азаюы жергілікті жердегі атқарушы органдар жұмысының нәтижесі, халықтың билікке деген сенімінің артып келе жатқандығын айғақтаса керек. Аймақ басшысы осыны ескеріп, биылдан бастап облыстағы барлық әкімдер екі мәрте ел алдында есеп беретіндігін жеткізді.

Жалпақ жұрт аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВТЫ үнемі ат үстінде, ел аралап жүрген кезінде көреді. Мәселені сол жерде шешуді жөн санайтын Әкім былтыр облыстың барлық қалалары мен аудандарында 143 рет жұмыс сапарымен болыпты. Осы орайда 237 елді мекенге ат басын тіреп, халықпен 198 кездесу өткізген. Ол жиындарға ұзын саны 56 мыңнан астам адам қатысыпты. Бұған қоса барлығы 609 нысанды аралап көрген.

Өңірдің жалпы өнімі он жылда бес есе өсті

Өңірдің жалпы өнімі 1 триллион 400 миллиард теңгеден асып отыр, бұл – облыстың әрбір

тұрғынына шаққанда 7 мың доллардан келеді екен. Яғни, 2001 жылғы көрсеткіштен 5 есеге көп. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі шамамен 800 миллиард теңгені құрап, 10,1 пайыздық өсімге (республикадағы үлесі 5,1%) қол жеткізді. 2015 жылға қарай мұны 7,7%-ға дейін жеткізу көзделуде.

Өткен бір жылда 6,5 мың отбасы жаңа пәтерлерге ие болса, ауылды жерлерде 186 жас маман несие арқылы баспанаға қол жеткізді.

Одан бөлек әлеуметтік салада 75 нысан қолданысқа берілді. Мұның бәрі тұрғындардың әлауқатына, жақсы тұрмыс кешуіне оң әсерін тигізгені анық. Байқап отырсақ, атқарылған шаруалар аз емес, алайда алда тұрған міндеттер одан да ауқымды. Өз сөзінде облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ Елбасы Жолдауында көрсетілген әлеуметтік-экономикалық жаңғырту алдағы он жылдықта басты назарда ұсталатын мәселе екенін қадап тұрып айтты.

– Біздің негізгі міндетіміз – халықты еңбекпен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу. Еңбекпен қамту саласында ең алдымен жүйелі оқытуды ұйымдастырып, білім алып шыққан адамдарды жұмысқа орналастыруда қолдау көрсетілуі керек. Былтыр кәсіби-техникалық білім беру жүйесін реформалауды қолға алғанбыз. Облыс бюджетінен материалдық-техникалық базаны нығайтуға 1 миллиард теңге көлемінде ақша бөлдік. Өнеркәсіп өкілдері және кәсіпкерлердің қатысуымен өңірде кәсіби-техникалық білімді дамыту жөнінде одақ жұмыс істейді. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында ауылдық жерлерде бизнесті қалай тиімді жүргізу керектігін оқыту шаралары іске асырылуда, 587 шағын несие берілді. Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша 5 миллиард теңге игерілді, – деп атап көрсеткен

болуы тиіс

(Соңы. Басы 1,2-беттерде)

Катонқарағай ауданының тұрғыны:

– Катонқарағай ауылы бұрын аудан орталығы болған. Қазір де өзінің көріктілігін жоғалтқан жоқ. Алайда осыдан қырық жыл бұрын салынған сумен қамтамасыз ету жүйелері және инженерлік желілер әбден тозығы жеткен. Күрделі жөндеуге қаражат бөлуіңізді сұраймыз.

– Біз бұрын аудан орталықтары саналған елді мекендерді үнемі назарда ұстап отырамыз. Катонқарағай ауданына тиісті көмек көрсетіліп келеді. Егер жобалық-сметалық құжаттамалары әзір болса, «Жол картасы» арқылы мәселені шешуге мүмкіндік бар.

Галина Шүлембаева, №15 өзін-өзі басқару комитеті ардагерлер кеңесінің төрайымы, Өскемен:

– Сол жағалау ауданы орталықтандырылған жылумен қамту жүйесіне қашан қосылады? Біз сол сәтті тағатсыздана күтіп жүрміз.

– Өскемен қаласының әкіміне мәселенің басын ашып, тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын.

Зырян ауданының тұрғыны:

– 2009 жылдан бері қаланың оңтүстік бөлігі судың астында қалуда. Сіздің көмегіңізбен

былтыр 98 отбасы басқа орынға көшірілген. Енді басқа тұрғындардың жағдайы, олардың жарамсыз болып қалған үйлері не болмақ?

– Түсіндіре кетейін, аудандағы кеніштің орналасқан жерінде болжам бойынша су 2020 жылға қарай көтерілуі керек-тін. Бірақ су ертерек шығып кетті. Көктемнен бастап біз аяқталмаған көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын жүргізуді қолға аламыз. Сол кезде мәселенің түйіні толық шешіледі.

Марат Нұрғалиев, Өскемен:

– Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназияның ғимаратын 77 миллион теңгеге ағымдағы жөндеуден өткізу үшін барлық құжаттар әзір тұр. Өтініш, осы жұмыс «Жол картасына» енгізілсе.

– Колледж – бұл өте қажетті білім мекемесі, оны мұқым республикада жақсы біледі. Менің орынбасарларыма тапсырма беріледі. Ұсыныс енгізілген соң қараймыз.

Зайсан ауданының тұрғыны:

– Аудандық орталық аурухананың жылу және су құбырлары, кәріздері ауыстыруды қажет етеді. Сметалық құжаттары дайын. Жұмысты іске асыруға қаражат керек. Сол сияқты, ауданда демографиялық ахуал жақсарып келеді. Аудан халқының саны 37 мыңнан 43 мың адамға

жетті. Медициналық қызмет көрсету жағдайы заман талаптарына сай келмейді. Аудандық ауруханада орын жетіспейді. Емхана бұрынғы балабақшаның ғимаратына орналасқан. Егер ауданда жаңа емхана салынса, балабақша ғимараты да қайтарылар еді. Осы шаруаны биылғы жоспарға енгізсе.

– Аудандық аурухананың мәселесін денсаулық сақтау басқармасы қарастыратын болады. Проблеманы шешудің жолдарын табамыз.

Зайсан ауданы (онлайн режимде):

– Өткен жылы біздің аудан орталығы шағын қалалар аталымы бойынша облыста бірінші орын алды. Қаламызда бірнеше көше күрделі жөндеуді қажет етеді. Осы жұмыстарды орындауға қаражат бөлуіңізді өтінеміз.

– Зайсан ауданында экономиканы дамыту, абаттандыру, көгалдандыру бағытында нәтижелі шаруалар атқарылуда. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысына тиісті тапсырма беріледі. Мәселені «Жол картасы» бағдарламасы арқылы шешеміз.

Наталья Атарская, Өскемен:

– Жетінші қысқы Азия ойындары аяқталғалы бір жыл болды, онда біздің хоккей команда-

мыз бас бәйгені жеңіп алған еді. Бірақ, облыс Әкімінің жүлдесі әлі күнге дейін команданың екі қатысушысына төленген жоқ.

– Бұл – спорт басқармасының олқылығы. Келесі аптада біз бұл мәселені шешеміз.

Есептік кездесуді қорытындылаған облыс Әкімі барлық қатысушыларға көтерген мәселелері мен ұсыныстары үшін ризашылығын білдірді.

– Мұндай кездесулер, – деп атап өтті Бердібек САПАРБАЕВ, – сіздер үшін ғана емес, сонымен қатар біз үшін де өте пайдалы. Тек күш-жігерімізді біріктірсек қана аймағымыз алға баса беретін болады.

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ:

– Уақыттың өзі бізден асқақ сөздерден гөрі нақты істерге көшуді талап етіп отыр. Қолға алынған әрбір іс өзінің түпкілікті нәтижесін беруі тиіс. Ол үшін ортақ мақсат жолындағы үйлесімді жұмыстар, ақыл-кеңестер қажет. Мен сіздерді ел болашағы, халық игілігі жолындағы ортақ іске ынтымақтаса жұмылуға шақырамын.

Серік Әбілхан, Ержан Әбіш
Суретті түсірген Есімхан Орынбаев

Әкімнің есебін ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕН үйде отырып көрдік

Задабек ШАПАТОВ,
Күршім аудандық ауруханасы
хирургия бөлімшесінің меңгерушісі,
жоғары санатты дәрігер:

– Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ есебін барша ауылдастармен бірге аудандық Мәдениет үйінде кең экраннан тыңдап, бетпе-бет кездескендей әсер алдық. Бердібек Мәшбекұлы барлық ахуалды бүкпесіз жайып салып, халықпен емен-жарқын пікірлесті. Мұның

өзі биліктің халыққа бір табан жақындай түскені деп білуге тиіспіз.

Өткен жыл көлемінде атқарылған ауқымды істер көңіл толтырады. Алдағы уақытқа межеленіп отырған орасан жобалар көңілге қанағат сезімін ұялатып, келешекке деген сенімімізді арттыра түскені шындық. Аймақ басшысы залдан қойылған, жазбаша берілген барлық сауалдарға нық әрі тиянақты жауаптар қайтарды. Соларды тыңдап отырып, түсінгеніміз – облыс тұрғындарын толғандырып отырған көптеген мәселелердің жақын арада шешімін тауып, халыққа тиімді, пайдалы шаралардың жүзеге асатыны.

Күршім ауданының халқы келешекте Зырян-Майқалшағай теміржолының салына-тынына, Ақбұлақ ауылдық округі аумағында кен байыту өндірісі ашылатынына, Қалжыр өзеніне шағын су электр стансасы орнайтынына, сонымен бірге жолдары жөнделетініне шын көңілмен қуанып, ризалықтарын жасыра алмай жүр. Біздің бәрімізді сарсаңға салған паром өткелі коммуналдық меншікке беріледі деген сөз болған еді, олай болғанда бұл толғақты мәселенің де оң шешілетініне күмән жоқ.

Жалпы алғанда, Әкімнің бұл кездесуі халықтың көңіліне сенім ұялатып, бетпе-бет отырып, ашық пікірлескендей сезімге бөлегені шындық.

Нұртөлеу ДҮЙСЕНБАЕВ,
Аягөз ауданы Ақшатау ауылындағы
А.Көшкімбаева атындағы жалпы орта
білім беру мектебінің директоры,
аудандық мәслихат депутаты:



– Аймақ басшысының жыл сайынғы есеп беру кездесуіне қатыса алмасам да, баяндамасын тікелей эфир арқылы ыждаһатпен тыңдап шықтым. Облыс басшысы өз сөзінде шығысқазақстандықтардың даму жолының жаңа кезеңі – экономиканы нығайтудағы, халықтың әл-ауқатын арттырудағы жаңа міндеттер екенін атап өтті. Бұл – әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың негізгі мәселесі. Президентіміз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ биылғы Жолдауына сәйкес әлемдік дағдарыстың екінші толқынына төтеп беретін Қазақстанды алып құрылыс алаңына айналдыру үшін Шығыста үлкен мүмкіндіктер бар екені белгілі. Еліміздің егемендігі нығайып, ел экономикасы көтеріліп, бюджет қордалана бастады. Әлеуметтік маңызы бар істерді бюджет қаржыларымен нақты шешу мүмкіндіктері пайда болды.

Облыс Әкімінің былтыр атқарған істеріне қоса, биылғы жылға жоспарланған жұмыстар шығысқазақстандықтарға мол мүмкіндіктер береді. Халықты жұмыспен қамту – дағдарысты айналып өтудің бірден-бір жолы. Қуатты Қазақстан дегеніміз – бұл ең әуелі өңірлердің қуаттылығы. Елдің болашағы экономикадағы келешегі зор салалардың дамуымен байланысты. Бұл үшін алдымен жаңа зауыттар салынып, жаңа жұмыс орындары ашылып, әлеуметтік инфрақұрылым қарқынды дамуы қажет. Облыс Әкімінің баяндамасында бұл туралы көптеген дерек келтірілді.

Облыстық бюджеттік жыл сайын еселе-не түсуі ел экономикасының өркендеп келе жатқанының айқын дәлелі. Экономиканың дамуы үшін халықтың береке-бірлігі аса қажет. Облыс Әкімі бұл жөнінде баса айтты. Елімізде алғашқы болып тікелей эфир арқылы есеп берген аймақ басшысының тың бастамаларын

қолдаймын және оны жүзеге асыруға бәріміз атсалысуымыз қажет.

Молдабек ЖАНБОЛАТҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы
оқу-ағарту ісінің үздігі, этнограф,
Семей қаласы:

– Өскеменде тікелей эфир арқылы есеп берген облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ баяндамасын, тұрғындар сауалына қайтарған жауабын мұқият тыңдадым. Экономикалық жаңғырудың түпкі мақсаты – тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашу. Өз есебінде облыс Әкімі өңірдегі барлық бағдарламаны бір мақсатқа жұмылдыра білген. Бұл – халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған ықпалды жол. Біздің саяси және экономика саласында қол жеткізген жетістігіміз – азаматтарымыздың әлеуметтік жағынан қамтылғандығының белгісі. Тек осы орайда ғана біз еліміздің тұрақты және қарқынды даму жолындағы орасан жоспарларын жүзеге асыра аламыз деп өңір басшысы айрықша атап өтті.

Облыс басшысының биылғы есебін біз семейліктер үйлерімізде отырып көру мүмкіндігіне ие болдық. «OTAU TV» спутниктік телеарнасының LED экрандары арқылы тіпті аялдамада автобус күтіп тұрған қала көшелеріндегі жолаушылар да көре алды. Жиын барысында тұрғын үй шаруашылығын жаңарту, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау саласын жаңаша үлгілеу мәселелері көтерілді. Бүгінгі басты талап – алдағы міндетті уақтылы орындау.

Аймақ басшысының ел алдындағы есебі көңілімізден шықты. Облыс экономикасының барлық саласы қамтылып, оны дамытудың жолдары көрсетілді. Ең бастысы, ертеңгі күнге деген сеніміміз нығайды.

Асылбек СӘБЕКОВ,
Өскемен қалалық
ақсақалдар алқасының төрағасы:

– Президенттің тапсырмасы бойынша барлық деңгейдегі әкімдер жыл сайын халық алдында есеп береді. Облыс Әкімі осымен үшінші жыл қатарынан алдымен Семейде, содан кейін Өскеменде өзінің есептік кездесуін өткізді. Бұлай екі ірі қалада қатарынан есеп беру басқа облыстарда жоқ. Биыл есептік кездесу тікелей эфир арқылы көрсетіліп, барлық шығысқазақстандықтарды қамтыды. Бұл – еліміздегі алғашқы жаңалық.

Облыс Әкімі баяндамасын ұзаққа созбай, нақты-нақты деректерді келтіріп, бірден сұрақтарға жауап беруді бастап кетті. Сұрақтар көп болды, оларға тұщымды жауаптар берілді. Сонымен қатар, Бердібек Мәшбекұлы кейбір жауаптарында сұрақ берушілерге бағыт-бағдар көрсетті, облыстың қазіргі жетістіктерін айтты. Жетістіктер көңіл көншітеді, бұрынғы жылдармен салыстырғанда үлкен ілгерілеу-шілік бар.

Қазіргі кезде экономикамыз өркендеп келеді. Дегенмен, бүкіл Еуропаны қамтыған дағдарыс ақырындап бізге жетуі де мүмкін. Сондықтан Елбасымыз өзінің биылғы Жолдауында алда болуы ықтимал дағдарысқа қарсы шара қолдануымыз керектігін атап көрсеткен. Әкім есебінде осы жұмыстардың аймақта дұрыс жолға қойылғанына көз жеткіздік. Облысымыз дағдарысқа қарсы тұру амалдарын қолданып жатыр. Мәселен, ең қажетті азық-түлік түрлерінің тұрақтандыру қоры жасақталып, оған қазынадан 1,5 миллиард теңге қаржы бөлінген. Халықты жұмыспен қамту мақсатында облыста 9 ірі өндіріс орны салынууда, оларда 5 мыңнан астам адам еңбек ететін болады. Мұнымен қоса, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының аясында жұмыс орындарын құру ісі қолға алыныпты. Дағдарысқа дайындыққа қатысты облыс Әкімі жақсы айтты. Өткен дағдарысқа жақсы дайындалғанбыз, нәтижесінде кедергілерден қиналмай шықтық.

